

ӘӨЖ 327.82

## «ДҮШПАНДЫҚ» ФЕНОМЕНІ» ЗЕРТТЕУ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

**Барлықбаева Мәдина Асылтайқызы**

**mbarlykbaeva@gmail.com**

«6B02209 – Шығыстану» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті,

Халықаралық қатынастар факультеті,

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекші – т.ғ.д., профессор Абжаппарова Б.Ж.

Халықаралық қатынастар теориясында “дұшпандық” феноменінің қолданылуы таңсық түсінік емес. Бұл тек саяси контексте ғана жазылып қоймай, философиялық, тарихи және діни тұрғыдан ежелгі және орта ғасыр зерттеушілері өз еңбектерінде “дұшпандық”, “зұлымдық” (“evil”)-қа арнайы “моральды” және “нон-моральды зұлымдық” деп бөлек қарастырып, атап өткен. Әсіресе, Николас Рейнджер мен Рене Джефффридің “Моральдық зұлымдық және халықаралық қатынастар” атты эссесінде “зұлымдық тарихын” үш философтардың тұжырымдамаларымен түсіндіреді: “...зұлымдық моральдық және моральдық емес зұлымдыққа (мысалы, табиғи зұлымдыққа) бөлінуі мүмкін және халықаралық қатынастарда және тұтастай алғанда саясатта моральдық зұлымдық әрқашан басты орынға ие болды.

Зұлымдық туралы ойлаудың тарихи дамуындағы үш негізгі кезеңді бөліп көрсетуге болады: біріншісінде Августин Гиппонскийдің еңбектері басым, ол зұлымдықтың бар екендігі мен формасына күмән келтіреді; екінші кезең 1755 жылғы Лиссабон жер сілкінісінен туындаған және Имануэль Канттың “радикалды зұлымдық” ұғымымен аяқталған; ал үшінші Ханна Арендттің “banality of evil” концептуализациясы айналасында шоғырланған. Августиндік көзқарас зұлымдықты бар болуы емес, болмауы ретінде назар аударады; Канттық түсінік радикалды зұлымдық туралы; және Анна Арендт зұлымдықтың “банальды болуы” туралы түсінігі және олардың әрқайсысы әлемдегі зұлымдық туралы қазіргі пікірталастарда да кеңінен талқыланады” [1].

Зұлымдықты этикалық тұрғыдан қарастырап болсақ, Ганс Моргентәу халықаралық қатынастарда “зұлымдық” идеясын былай тұжырымдайды: “Билікке ұмтылу, оны сақтау және көрсету - бұл саяси мінез-құлықтың негізгі үш түрі. Билікке деген бұл саяси ерік-жігер барлық ұтымды шектеулерді бұзуға бейім” [2].

Моргентәу ішкі және халықаралық тәртіп құрылымының айырмашылығын анық көргенімен, Моргентәу үшін мемлекеттер моральдық тұрғыдан өзара байланысты емес күш

саясатын жүргізді. Мемлекеттердің ұлттық мүдделері тұрғысынан не істей алатындығы мен іс жүзінде не істегені арасында әрқашан айырмашылық болды. Мемлекеттер моральдық міндеттемелерді және олардың бұзылуын ұлттық мүдделерге сілтеме жасай отырып ақтай алатындығына қарамастан мойындайды. Басқаша айтқанда, мемлекеттер әрқашан өздерінің ұлттық мүдделерін ұстанатынына қарамастан, кейбір нәрселер оларды есептеуге кірмейді. Бұл мүдделер бәрінен бұрын бірінші, ал содан кейін ғана мораль тұратындығы емес; мораль қазірдің өзінде мүдделер мен мүдде есебінің бөлігі болып табылады. Алайда мұндай моральдық шектеудің ауқымы мен мазмұны тұрақты емес. Шынында да, Моргентау ХХ ғасырға қатты көңіл бөлді, себебі бұл ғасыр мемлекеттердің ұлттық мүдделерін қалыптастыру кезінде барлық моральдық шектеулерді қалай жоюға болатындығын көрсетті.

Басқаша айтқанда, Моргентаудың саясат саласы туралы идеясы екі жақты. Бір жағынан, жоғарыда айтылғандай, "саясаттың мәні мен мақсаты адамның үстінен билік болатын дәрежеде саясат зұлым; өйткені ол адамды басқа адамдар үшін құрал деңгейіне дейін төмендетеді". Басқаларға қарағанда билікке ие болуға ұмтылу, *animus dominandi*, "адам қызметінің жеке саласы ретінде саясаттың негізгі қағидасы", қандай түпкі мақсат болмасын, билік әрқашан тікелей мақсат болып табылады. Демек, басқаларға билік етуге тырысу оларды мақсатқа жетудің құралы ретінде пайдалануды білдіреді. Мұнда Моргентау Канттың екінші моральдық императивін ұстанады, оған сәйкес адамдарды ешқашан құрал ретінде емес, әрқашан мақсат ретінде қолдану керек. Алайда, Моргентаудың пікірінше, саясат саласының табиғатын ескере отырып, одан қашып құтыла алмаймыз. Саясатта біз зұлымдықтан аулақ бола алмаймыз [3].

Дұшпандық немесе зұлымдық феномені әдетте мемлекеттер қауіпсіздікке қол жеткізу үшін немесе өз қызығушылықтарын қанағаттандыру үшін моральдық көзқарастарды шет ысырып қойып, бұл құбылысты халықаралық қатынастардағы **анархия** ретінде түсіндіреді. Ал бұл өз кезегінде ХҚ-ні этикалық көзқарастардан айырылған автономды салаға айналдырады.

Анархияның пайда болу себебі мен мағынасын американдық саясаттанушы Джон Миршаймер 2001 ж. жарық көрген "Ұлы Державалар Саясатының Трагедиясы" атты кітабында төрт түрлі анықтама беру арқылы түсіндіреді. Соның ішінде бірінші және екінші анықтамада: "... халықаралық жүйе анархиялық болып табылады, бұл хаотикалық немесе тәртіпсіздікпен қозғалады дегенді білдірмейді. Мұндай тұжырым жасау оңай, өйткені реализм қауіпсіздік бәсекелестігі мен соғыспен сипатталатын әлемді бейнелейді. Алайда, анархияның нақты тұжырымдамасының жанжалға ешқандай қатысы жоқ; бұл жүйе тәуелсіз мемлекеттерден тұрады, олардың үстінде орталық билік жоқ. Басқаша айтқанда, егемендік мемлекеттерге тән, өйткені халықаралық жүйеде жоғары басқару органы жоқ. "Үкіметтерден жоғары үкімет" жоқ"- десе, ал екінші тұжырымдама мемлекеттердің соғысу себебін және анархиялық жағдайдың пайда болуын көрсетеді: "...ұлы державалардың бір-біріне зиян келтіруге және бір-бірін жоюға мүмкіндік беретін әскери әлеуеті бар. Мемлекеттер бір-біріне қауіпті, дегенмен кейбір мемлекеттер басқаларына қарағанда әскери күшке ие, сондықтан да қауіптірек. Мемлекеттің әскери күші әдетте оның қолындағы нақты қарулармен анықталады, егер тіпті қару болмаса да, бұл мемлекеттердегі адамдар басқа мемлекеттің тұрғындарына шабуыл жасау үшін аяқтары мен қолдарын қолдана алар еді" [4].

Қандай тұрғыдан қарастырсақ та, көп әдебиеттерде "зұлымдық" идеясы сипатталса да, оның халықаралық контексте қалай жұмыс істейтіні және қолданылуы туралы жазылмаған.

"Зұлымдық" - бұл халықаралық саясат тұрғысынан аулақ болу керек термин: саясаткерлер мен дипломаттар үшін тым қатал, заңгерлер үшін тым нормативті термин. Алайда, бүкіл халықаралық тарихта үнемі пайда болды, атап айтқанда ХХ ғасырды

анықтаған екі дүниежізілік және суық соғыстарда қолданылды. "Зұлымдық" Руандадағы геноцидті, Югославиядағы әскери қылмыстарды және 1990-шы жылдардағы басқа да зорлық-зомбылық пен қайғы-қасіретті сипаттау үшін кеңінен қолданылды, бұл халықаралық назарды аударды және кейбір жағдайларда сыртқы араласуды да тудырды.

Өткен ғасыр мен жаңа замандағы "зұлымдық" термині енді тек ғылыми еңбектерде ғана емес, сондай-ақ БАҚ пен саяси аренада да кеңінен қолданыла бастады. Оған себепкер болған АҚШ президенті Джордж В.Буш болды.

Атап айтқанда, Джордж Буш 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террористік актілерді түсіну және тұжырымдау үшін "зұлымдық" ұғымына жүгінді. Буш (2002) Ирак, Иран және Солтүстік Кореяны "зұлымдық осі" туының астына біріктіргені белгілі. Бұл айсбергтің ұшы ғана болды: ол 800-ден астам сөйлеген сөзінде "зұлымдыққа" сілтеме жасады деп есептеді, бұл кез-келген басқа американдық президенттің ресми баяндамасынан екі есе көп. Тони Блэр "9/11" және 2005 жылдың 7 шілдесінде Лондондағы жарылыстарға ұқсас әрекетпен жауап берді. Бұл Буш бұл терминді жақында қолданған ең көрнекті тұлға болса да, ол кейде бейнеленген үлкен ерекшелік емес екенін көрсетеді. Акторлардың (халықаралық қатынастардағы акторлар) кең ауқымы басқа адамдар мен олардың әрекеттерін сипаттау үшін "зұлымдық" сөзін қолданады [5].

"Зұлымдық осі" елдері бір тұжырымнан кейін-ақ "әлем жауларына" айналды, әсіресе Таяу Шығыс елдері батыс елдері бұқаралық ақпарат құралдары пропагандасына ұшырады. БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдар тарапынан резолюциялар қабылданып, мыңжылдық тарихы бар мәдениет өркениеті болған Сирия мен Ирак бір сәтте ғана орта дамушы елдерден "террористер мен варварлар" мен "жаһандық потенциалды қауіп" -ке айналды.

ISIS өз поляризациясын күшейту, жаңа топтар мен адамдарды өздеріне тарту және осылайша Таяу Шығыстан тыс жерлерде "франшизаларды" дамыту тәсілі арқылы жаһандық зұлым ретінде қабылданды, бірақ ұйымға тағайындалған стигма бір уақытта коалицияның күш-жігерін жандандыруға жол ашты, бұл оның Сирия мен Иракта әлсіреуіне әкелді. Бұл зұлым деп аталудың (evil-naming) практикалық салдары туралы сұрақтың бірнеше деңгейге ие екенін көрсетеді.

Ирак пен Сирияның Ислам мемлекетімен (ISIS) жалпы күресте өте әсерлі болған жағдай - бұл барлық континенттердегі елдердің басшылары мен өкілдерінің көпшілігі ISIS-ті варварлық қауіп деп сипатталуы болды. Осылайша, ISIS-пен күресудің жалпыға бірдей қажеттілігі Ирак пен Сирияда жүзеге асырылуы тиіс нақты саясатқа қатысты терең келіспеушіліктерге қарамастан, халықаралық қоғамдастықта бұрын-соңды болмаған консенсусты жасауға ықпал етті. Бұл ресми консенсус Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесінің қолдауымен ISIS-ке қарсы жаһандық коалицияны құру арқылы рәсімделді. Жалпыға бірдей консенсусқа тағы да қосымша болған жайт, ISIS-ті зұлымдық ретінде көрсеткен тағы бір маңызды сипаты зұлым қылып көрсеткендігі болды.

ISIS аймақтық және халықаралық ұйымдардан, атап айтқанда БҰҰ-дағы барлық дипломаттар мен саясаткерлердің "варварлық", "қорқынышты" немесе "адамгершілікке жатпайтын" ұйымы ретінде анықталды. Ол өзінің "зұлымдық" деңгейіне және аймақтағы және одан тыс жерлердегі басқа саяси субъектілермен ұқсастығына негізделген әртүрлі әңгімелерге енгізілді. БҰҰ құжаттары мен мемлекеттік шенеуніктердің жария мәлімдемелерін зерттей отырып, ISIS-тің негізгі әңгімелерін келесідей жіктеуге болады: 1) ISIS-бұл аймақ пен адамзат үшін абсолютті зұлымдық және ерекше қауіп (террористердің эксклюзивтілігі туралы әңгіме); 2) ISIS-бұл ерекше құрылым емес, керісінше террористік топ (террористердің қауымдастығы туралы әңгіме); 3) ISIS-нің қылмыстық әрекеті халықаралық нормаларды, атап айтқанда Сирия үкіметін немесе балама ретінде ISIS-нің өсуіне ықпал ететін немесе жол беретін шетелдік үкіметтерді (жалпы мемлекеттік және

мемлекеттік емес террор туралы әңгіме) елеулі түрде бұзуға жауапты мемлекеттік органдардың әрекеттерімен салыстырылады.[6].

Енді “зұлымдық осінің” екі Кореяға және Солтүстік-Шығыс Азияға деген ықпалын қарастырайық. Солтүстік Корея “зұлымдық осі”-не кірген басқа елдер сияқты Буштың сөзіне ашулы түрде жауап берді. Солтүстік Корея Президент Буштың коммунистік ел “зұлымдық осінің” бөлігі екендігі туралы мәлімдемесін КХДР-ге соғыс жариялау деп атады. АҚШ-тың өрескел насихаттаған “соққы беру” мүмкіндігі оның монополиясы емес” - деді Солтүстік Кореяның Сыртқы істер министрлігінің өкілі. Онда Солтүстік Корея “АҚШ-тың (Солтүстікті) қару-жарақпен тұншықтыру әрекетіне ешқашан жол бермейді, ал агрессорларды аяусыз жояды”-деп жауап қайтарды [7].

Ал Солтүстік Кореяның дәстүрлі одақтасы Қытай Буш мырзаның қатал сөздерін айыптап, олар бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты бұзады деп мәлімдеді.

Бейжіңде Сыртқы істер министрлігінің өкілі Конг Цюань: “Қытай тарапы мұндай терминдерді халықаралық қатынастарда қолдануды қолдамайды. Біз әрқашан ... барлық елдердің теңдігі қағидаты қолдаймыз, әйтпесе бұл бүкіл әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтауға зиян тигізуі мүмкін”-деп жауап берді [8].

Оңтүстік Корея өкілдерінен ресми ақпарат болмаса да, корей қоғамы бұл мәлімдеме Сеул мен Пхеньян арасындағы шиеленістің артуына әкелуі мүмкін деген алаңдаушылық тудырды. АҚШ президенті сөйлеген сәттен бастап наразылық білдірушілер Сеулдегі АҚШ елшілігінің алдында шерулер өткізді, ал басқа белсенділер елорда көшелерінде АҚШ жалауларын өртеді. Бұқаралық ақпарат құралдарының сауалнамалары қоғамның 60 пайызға жуығы “зұлымдық осі”-н орынсыз деп санаған [9].

Американың Корей түбегіне арналған стратегиясын американдық ғалым, жазушы және Американың сыртқы саясат жөніндегі бұрынғы кеңесші Виктор Ча сол кездегі “Халықаралық қатынастар” журналында Джордж Буштың “hawk engagement” стратегиясының және Клинтон үкіметінен кейінгі саясаттың екі Кореяға әсерін түсіндірді. “Hawk engagement” стратегиясы туралы туралы Буштың администрациясы оның жаңа саясатында Клинтон саясатынан өзгеше бес элемент бар деп мәлімдейді; Солтүстік Кореямен орнатылған келісімнің орындалуын жақсартуға деген ұмтылыс; Солтүстік Корея зымырандардың өндірісі мен экспортын тексеруге болатын бақылау; Қарулы Күштердің мәселесін қарапайым түрде шешу тәсілі; Солтүстікпен ымыраға келу үшін өзара бірлескен қимылдарды талап ету; және одақтастармен тығыз байланыста болу. Осы компоненттердің тек біреуі - Қарулы Күштерге баса назар аудару - іс жүзінде жаңа саясат. Қалғандары Клинтонның Кореяға қатысты саясат жобасында (1999 жылдың қазан айында бұрынғы Қорғаныс министрі Уильям Перри жасаған) және республикалық жобада (Ричард Армитидж, қазір мемлекеттік хатшының орынбасары, 1999 жылы наурызда жазған) талқыланды [10].

Оның ойынша Америка Құрама Штаттары, Оңтүстік Корея және Жапония Солтүстік Кореяға қарсы қорғаныс және ұстамдылық мүмкіндіктерін қолдауы керек. Скептиктер, соның ішінде Буш әкімшілігінің жоғары лауазымды тұлғалары, мысалы, Қорғаныс министрінің орынбасары Пол Вулфовиц және Ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесші Кондолиза Райс өзара әрекеттесу стратегиясына сенбейді. Олар Пхеньяның сыртқы әлеммен жақында байланысы тоқтап қалуы үшін қажетті азық-түлік және экономикалық көмек алу мақсатында дипломатиялық тактиканың өзгеретінін жасырмайды. Бірақ олардың пікірінше, Солтүстік Кореяның мінез-құлқында (мысалы, оның қауіпті әскери позициясын қысқарту), бұл режимнің ниетінің терең, түбегейлі өзгеруін көрсетін ештеңе жоқ.

Ким Чен Ир әлі де либералды-демократиялық Оңтүстік Кореяны бұзуға тырысады және өз елінде жаппай қырып-жою қаруын қолдану қаупі, баллистикалық зымырандар мен алдыңғы қатарлы күштер оның ревизионистік ниеттерінің бар екенін білдіреді. Демек, өзара

әрекеттесу стратегиясы АҚШ саясатына келеді, өйткені Пхеньян екіжақты жауап бермейді және оның орнына АҚШ, ҚР және Жапонияның ұсыныстарын әлсіздік белгісі ретінде қарастырады. Нашар жағдайда, бұл айқын әлсіздік солтүстіктің қатал жақтаушыларының позициясын күшейтіп, түбекті тағы бір рет басып алуға деген ұмтылысын жандандыруы мүмкін [11].

Айта кетейік, “зұлымдық осі”-нен Солтүстік Кореяға арналған Ким Дэ Джун президенттің бастаған “Күншығыс саясаты” және осы саясатты жалғастырған 2003 ж. сайланған Но Му Хён президент пен Солтүстік Корея арасындағы қарым-қатынастың өзгеруіне тікелей болмаса да, жанама әсерін тигізді. 2000 ж. екі Корея арасында өткізілген саммиттен кейін енді Корей түбегінде бейбітшілік орнайтынына сендірген болатын. Екі елдің басшылары Корея түбегіндегі бейбітшілік пен өркендеу туралы Оңтүстік пен Солтүстіктің бірлескен декларациясын қабылдады. 2003 ж. өткен саммиттен кейін бірігу, татуласу, экономиканы саясаттан бөлек қарау арқылы Солтүстік Кореяға көмектесу идеялары жаңғыра айтыла бастады. Алайда, Солтүстік Корея өзінің ядролық даму бағдарламасын аяқтап, 2005 жылы 10 ақпанда ядролық бомбаларға ие болды деп мәлімдеді. Содан бері Солтүстік Корея ядролық қаруды және зымырандарды жеткізу жүйесін дамыту арқылы плутоний алуды жалғастырды. 2006 жылдың 3 қазанында Солтүстік Кореяның Сыртқы істер министрлігі өзінің ядролық бомбасын АҚШ-тың қауіп-қатеріне қарсы қорғаныс шарасы ретінде сынап көретіндігін айтты. Осыдан кейін “Күншығыс саясатын” 2017 ж. президент Мун Дже Ин жалғастырғанша екі Корея қарым-қатынастары салқындады. Оңтүстік Корея мен Солтүстік Корея соңғы онжылдықтардағы алғашқы келіссөздерді Панмунжом шекаралас ауылындағы бірлескен қауіпсіздік аймағында өткізіп, Панмундум Декларациясына қол қойылды. Солтүстік Корея спортшыларды 2018 жылғы қысқы Олимпиада ойындарына жіберуге келісті.

"Зұлымдық осі" терминін енгізу арқылы Солтүстік Корея, Иран және Ирактың бірігуі Солтүстік-Шығыс Азияда да, Таяу Шығыста да қауіпсіздік саясатын күшейтті және 11 қыркүйектен кейін АҚШ-тың сыртқы саясаты мен қауіпсіздік саясатын осы екі аймақта қиын жағдайға қойды. Мысалы, Солтүстік-Шығыс Азияда Солтүстік Корея 1994 жылы қол қойылған АҚШ пен Солтүстік Корея арасындағы негіздемелік келісімді біртіндеп орындады және ядролық қаруды құру бағдарламасын қысқартты. Буш әкімшілігі кезіндегі Солтүстік Кореяға қатысты сыртқы саяси дискурс пен тәжірибе Корей түбегіндегі одан әрі тұрақсыздық пен 38-параллельде қауіпті жағдайды тудырды, бұл 21 ғасырдағы әлемдік саясаттың алғашқы онжылдығындағы ең қиын және қауіпті мәселелердің бірі болды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Rengger, N., & Jeffery, R. (2005). Moral Evil and International Relations. *The SAIS Review of International Affairs*, 25(1), 3–16. <https://www.jstor.org/stable/26999242>
2. Morgenthau, H. J., Thompson, K. W., & Clinton, W. D. (1985). *Politics among nations: The struggle for power and peace*.
3. Guzzini, S., (2020). Embrace IR Anxieties (or, Morgenthau's Approach to Power, and the Challenge of Combining the Three Domains of IR Theorizing). *International Studies Review*. 22(2), 268–288. <https://doi.org/10.1093/isr/viaa013>
4. Elman, C. , Michael, A. J., edit (2014). *Realism Reader*. Chapter 6 . John J. Mearsheimer, *Anarchy and the struggle for power. (The Tragedy of Great Power Politics (W.W. Norton & Company, 2001), Chapter 2)*. Routledge, Taylor & Francis Group. 179–188.
5. Geis, A. & Hobson, C. (2014). The existence and use of ‘evil’ in international politics. *Macmillan Publishers Ltd*. 1384-5748, *International Politics*, 51 (4), 417–423.

6. Rech W. (2021). The Naming of Evil: Sovereignty, Security and Unlawful Warfare. Instituto Tecnológico Autónomo de México. *Isonomía. Revista de Teoría y Filosofía del Derecho*, 54, 76-108. <https://www.redalyc.org/journal/3636/363668035003/html/>
7. CHOE S. (2002). N. Korea Reacts to 'Evil Axis' Remark. AP News. <https://apnews.com/6b1346d8f5d83105428b75a585f0aef6>
8. The Irish Times, (2002). North Korea condemns Bush 'axis of evil' speech, <https://www.irishtimes.com/news/north-korea-condemns-bush-axis-of-evil-speech-1.412011>
9. VOA News. (2009). S. Korea Fears 'Axis of Evil' Policy Could Increased Tensions with Pyongyang. <https://www.voanews.com/a/a-13-a-2002-02-17-23-s-66475357/552002.html>
10. Cha, V. D. (2002). Korea's Place in the Axis. *Foreign Affairs*, 81(3), 79–92. <https://doi.org/10.2307/20033164>
11. Cha. V.D. (2002). Hawk Engagement and Preventive Defense on the Korean Peninsula. The MIT Press. *International Security*, 27(1), 40–78.